



«БЕКІТЕМІН»

Басқарма төрағасы-Ректор

**«Мұхаметжан Тынышбаев
атындағы АЛТ Университеті»**

Жармағамбетова М.С.

«25» _____ 09 _____ 2025 ж.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ САЯСАТЫ

Білім беру жүйесін үздіксіз жетілдіру және еліміздің кәсіби кадрларын даярлау сапасын арттыру, сондай-ақ білім беру саласындағы барлық қатысушылары тарапынан құқықбұзушылықтың алдын алу жүйесін қалыптастыру мен заңдылықты, айқындықты пен адалдықты сақтауды қамтамасыз ету мақсатында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы осы Саясатты іске асыру жөніндегі қағидаттар бойынша «М.Тынышбаев атындағы АЛТ Университеті» АҚ (ары қарай – Университет) өзіне төмендегідей міндеттемелерді алады:

- Университеттің барлық қызметкерлері корпоративтік мәдениетті сақтай отырып, Қазақстан Республикасының 18.11.2015ж. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» Заңына және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша ҚР өзге де заңдық актілеріне сәйкес өз жұмыстарын адалдыққа, ашықтыққа, көлбеусіздік пен келісімге негізделген ISO 37001 халықаралық стандартының талаптарына сәйкес орындауға міндетті.
- Университеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы менеджмент жүйесінің іс-әрекеті саласында парақорлыққа, кез келген нысандағы негізсіз артықшылыққа, заңсыз сыйақылар мен сыйлықтарға, Университеттің ішкі нормалары мен заңнамалық актілерді бұзуға тыйым салынады.
- Университет басшылығы сыбайлас жемқорлықтың болжалды немесе нақты жағдайлары туралы ақпарат беру рәсімдерін қолдануды, ақпараттың құпиялылығына кепілдік бере отырып, қудалаудан қорықпай-ақ қолдануға шақырады.
- Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою бойынша Университеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат субъектілерінің іс-қимылын үйлестіруді және бақылауды комплаенс қызметі жүзеге асырады.

Жоғарыда аталған қағидаттарға қол жеткізу үшін Университет басшылығы ISO 37001:2016 халықаралық стандартының талаптары бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы менеджмент жүйесін тұрақты жетілдіруге бағытталған іс-шараларды жүзеге асыру үшін қолайлы жағдайлар жасау және қажетті ресурстарды бөлу жауапкершілігін өз мойнына алады.